

ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша

Қызылорда қаласы

29 мамыр 2026 жыл

Кіріспе бөлім:

1. «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-ның (бұдан әрі - Кәсіпорын) Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы директорының 2026 жылғы 24 сәуірдегі №312 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Турсунов Аман Букенбаевич	Директордың аудит жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі;
Алтынбасова Гульнар Жагипаровна	Директордың психиатриялық қызметі жөніндегі орынбасары, топ мүшесі;
Сахова Жанна Бахтияровна	Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының меңгерушісі, топ мүшесі;
Шуренова Шынаргуль Сулейменовна	Зангер, топ мүшесі;
Абдилдаева Алия Сеилхановна	Бас мейірбике, топ мүшесі.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің ішкі талдауымен 2025 жыл кезеңі қамтылды.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылы 30 сәуір - 29 мамыр айының аралығында жүргізілді.
6. Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы ШЖҚ КМК –ның директорының аудит жөніндегі орынбасары А.Б.Турсуновқа топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу

және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының қызмет бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданатын объект туралы мәліметтер:

Қызылорда қаласы Шүкіров көшесі, №52 мекен-жайда орналасқан. «Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК-ның Уақытша бейімдеу және детоксикация қызметін атқарады.

2025 жылдың қорытындысы бойынша облыс орталығындағы, Шиелі және Арал аудандарындағы уақытша бейімдеу және детоксикация бөлімдеріне 10661 азамат полиция қызметкерлерімен мас күйін анықтау мақсатында жеткізілді. Олардың 6229 (58,4%) алкогольді масандықтың орта дәрежесімен жатқызылды. Оның ішінде 5793 (93%) ер азаматтар болса, 436 (7,0%) әйелдер.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығы төмендегі қызметтер бойынша көмек көрсетеді: наркологиялық медициналық куәландыру, кезек күттірмейтін жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету, алкогольді масандықтың орта дәрежесімен қабылданған пациенттерге динамикада медициналық бақылау жүргізу. Сонымен қатар аудандардағы УБД бөлімшелеріне әдістемелік көмек көрсетеді, УБДО-на 6 айдың ішінде 2 рет алкогольді масандықтың орта дәрежесімен қайталап түскендерді тізімдерін сәйкестендіріп, Орталықтың жалпы клиникалық бөліміне, динамикалық бақылауға алу үшін береді.

Уақытша бейімдеу және детоксикация бөлімдерінде медициналық куәландыру қызметі нарколог-дәрігерлермен, тәулік бойы жүргізіледі. 2023 жылдан бастап медициналық куәландыру қызметі «МКЭЖ» электрондық жүйесіне еңгізілді.

Арал, Шиелі аудандарда арнайы сертификаты бар фельдшерлермен жүргізіледі. Барлық құрылымдық бөлімшелер арнайы метрологиялық тексеруден өткізілген, сертификаты бар «Алкотест» құралымен медициналық куәландырудан өткізіледі.

Қызылорда қаласында және екі аудандағы УБД бөлімдерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында барлық палаталар, қызметтік бөлмелерде бейне бақылау жүйесі орынатылған, тәулік бойы бақылау жүргізіледі.

УБДО медициналық куәландырудан өткізілген азаматтар туралы деректерді нақтылау мақсатында РПН, ЭРНБ электрондық жүйесі мамандармен күнделікті қолданылуда.

II. Орталықтың оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарын, нормативтік құқықтық актілерін, Диспансердің ережесін зерделеді.

Кәсіпорынның Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығы келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;

2) «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI ҚРЗ Кодексі;

3) «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Кодексі;

4) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. Заңы;

5) «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы;

6) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңы;

7) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығы.

8). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 4 желтоқсандағы "Уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын және уақытша бейімдеу және детоксикация орталығының ішкі тәртібі қағидаларын бекіту туралы" № ҚР ДСМ-233/2020 бұйрығы.

9). Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы "Психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетудің кейбір мәселелері туралы" № ҚР ДСМ-203/2020 бұйрығы.

Нормативтік құқықтық актілермен талдау жүргізу нәтижесінде мынандай қызметтердің процестерін реттеу бойынша құқықтық олқылықтардың байқалуы орын алмаған.

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кадрлық құрам бойынша.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында 1,0 штаттық бірлікте меңгеруші, 5,0 штаттық бірлікте дәрігерлер, 24,5 штаттық бірлікте

орта буын медициналық қызметкер, 8,0 штаттық бірлікте кіші медициналық қызметкерлер. Кадр мәселесі бойынша қызметкерлерді жұмысқа (дәрігерлер, орта және кіші буын медицина қызметкерлері) қабылдау саласына сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

Қазіргі таңда жұмысқа орналасу электрондық форматқа көшірілген, бос жұмыс орындары «электрондық еңбек биржасына» орналастырылады (enbek.kz).

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабының 2-тармағына сәйкес, бос жұмыс орындары enbek.kz сайтта ашық жариялануда, бос жұмыс орындары пайда болған кезде кадр бөлімі арқылы жергілікті жұмыспен қамту орталықтарына ақпарат беріп отырады.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

Тәртіптік шаралар бойынша Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында 2025 жылы тәртіптік шарасы қаралмаған.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында, Орталықтың бас мейірбикесі орта буын мен кіші буын медициналық қызметкерлерге «медициналық этика және дионтология» бойынша тренинг және түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Орталық директорының аудит жөніндегі орынбасары А.Б.Турсунов орталықтың қызмет сапасын, қызметкерлердің кадрлық жүйесін үнемі бақылауда ұстайды.

Кадр мәселесін реттеу барысында құқықтық проблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

VI. Рұқсат беру функцияларына іске асыру.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Уақытша бейімдеу және детоксикация орталығыны жұмысы, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылуы және ішкі тәртібі ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің қағидаларымен реттеледі. Оған сәйкес, орталықтар психикалық белсенді заттарды қолданғаннан уыттанған адамдарға мамандандырылған медициналық көмек көрсететін наркологиялық ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

IX. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Орталықтың әлеуметтік желілі қарастырылған.

1). <https://files.medelement.com/uploads/co/921941551532930094/document/s/afa8f0b1f396ec004fa20813758fe03b.pdf>

2). <https://files.medelement.com/uploads/co/921941551532930094/document/s/6e1df780ddf1cdf43a36a877bc3bd755.pdf>

3). <https://files.medelement.com/uploads/co/921941551532930094/document/s/9ed34916f64c0e334ccb44f1f2df298b.pdf>

Жұмыс тобының жетекшісі:



А.Б.Турсунов


Жұмыс тобының мүшелері:



Г.Ж.Алтынбасова



Ж.Б.Сахова



Ш.С.Шуренова



А.С.Абдилдаева